

А. Әліпбаев<sup>1</sup>, Б. Бюжеева<sup>2</sup>, А. Анерова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Халықаралық бизнес университеті, Алматы, Қазақстан;

<sup>2</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан  
(E-mail: alipbayev19@gmail.com)

## Орталық Азиядағы халықаралық лаңкестік пен діни экстремизмге қарсы күрес мәселелері

Халықаралық лаңкестік пен діни экстремизм Орталық Азия мемлекеттерінің қауіпсіздігіне елеулі қауіп төндіруде. Бұл аймақта халықтың исламдануы артып, дәстүрлі ислам ұстанымы әлсіреген. Халықтың исламдануы Орталық Азияның барлық дерлік мемлекеттерінде байқалатын терең әлеуметтік-экономикалық дағдарыспен бірге жүруде. Мұндай жағдайда аймақ республикалары исламшылдыққа қарсы тұруға тырысуда, діни ұйымдарға (әсіресе Өзбекстанда) қарсы жаңа шектеу шараларын енгізіп, азаматтық қоғамды экстремизмге (Қазақстан) қарсы күреске тартуда және партияның діни негізде (Тәжікстан) әрекет етуіне мүмкіндік берілген. Республика өңірлерінде лаңкестік пен діни экстремизмге қарсы тұрудың жаңа жолдарын үнемі іздеуде. Лаңкестік көлемі жағынан, қатыгездік тұрғысынан, салдары тарапынан адамзаттың ең ауыр мәселелерінің біріне айналды. Аймақ мемлекеттері бұл құбылысты жоюда белсенділік танытуда, лаңкестікке қарсы тұрудың жаңа тәсілдерін әзірлеуде және түрлі келісімдерге келуде. Бірақ лаңкестік арта түскен қарсы шараларға да бейімделе түсіп, жаңа ізбасарларды тарта отырып, қаржыландырудың жаңа тәсілдерін табуда. Мұндай жағдайда лаңкестік пен діни экстремизмге қарсы тұру бойынша мемлекеттер арасында үздіксіз зерттеу мен тәжірибе алмасу, жаһандық қауіп-қатерге қарсы тұрудың тиімді әдістерін енгізу қажеттілігі артып келеді. Мақалада Орталық Азия аймағында экстремизм мен лаңкестіктің артуының себептері, объективті және субъективті факторлардың жиынтығы, әлеуметтік үдерістердің жаппай экстремизмнің пайда болуына әсері қарастырылған. Осы тұрғыдан әртүрлі аймақтық ұйымдарда лаңкестікке қарсы шешім қабылдауға қатысты мәселелер де зерттелген.

*Кілт сөздер:* Орталық Азия, саясат, адамдар, жаһандық қауіп, мемлекеттер, халықаралық терроризм, діни экстремизм.

### Кіріспе

Орталық Азия аймағы өзінің жағрапиялық, экономикалық, ұлттық, тарихи, мәдени және тағы басқа факторларына сәйкес геосаяси және геэкономикалық жағынан өзіндік ерекшеліктерге толы аймақ болып табылады. Орталық Азия ең алдымен жағрапиялық жағынан Батыста Еуропамен, Шығыста Азия аймақтарымен, солтүстікте Ресеймен, оңтүстікте ислам әлемімен шектесіп жатыр. Осының өзі аймақтың стратегиялық тұрғыдан қаншалықты маңызды екендігін айқындайды. Екіншіден, тікелей теңізге шыға алмайтын құрлық ортасындағы аймақ, әлемнің басқа аймақтарына тек көрші мемлекеттер арқылы ғана шыға алады, сондықтан көршілес елдермен бейбіт қатар өмір сүру заман талабы. Үшіншіден, аталмыш аймақ табиғи ресурстарға өте бай, оның ішінде әсіресе табиғи газ, мұнай, түсті металдар және басқа да пайдалы қазбалар көздері бар. Ауыл шаруашылығы саласында мақта, астық, көкөніс және тағы басқа экономикалық дақылдарды дамытудағы жағдайы айтарлықтай жақсы, сондықтан едәуір зор экономикалық әлеуетке ие. Төртіншіден, ұлттық, діни, мәдени жағынан алғанда бұл аймақ өзіне тән ерекшеліктерге ие, түркі және ислам мәдениетімен дәстүрлі байланысы зор, оған қоса батыс пен шығыс мәдениеттерінің қосылған ықпалы да бар.

Жаңа қалыптасып жатқан саяси үдеріске орай Орталық Азия елдері де егемен ел ретінде халықаралық қауымдастықтан өздеріне тиесілі орындарын алып, халықаралық қатынастар жүйесінің құрамдас бөлігіне айналды. Сол ретте аймақ елдері де өз даму бағыттарында қауіпсіздікті және тұрақтылықты қамтамасыз ету жолында айтарлықтай қауіптермен тіке-тірес келді. Соңғы кезеңде қауіпсіздік өте өзекті мәселе болып отыр. Өйткені аймаққа көршілес Ауғанстан мемлекетіндегі саяси тұрақсыздықтар экстремистік қозғалыстардың келуімен байланысты болды. Сондай-ақ көршілес аймақтардағы заңсыз қару-жарақ сату, есірткі тасымалдау көбейді, түрлі халықаралық лаңкестік топтар мен ұйымдар өрби түсті.

Жалпы лаңкестік — қазіргі заманда әртүрлі нысанда кеңінен таралған, алдын ала болжануы қиын аса қауіпті құбылыс болып отыр. Қазіргі кездегі лаңкестіктің негізгі қозғаушы күші осы заманның әр алуан шешілмеген мәселелері болып табылады. Әртүрлі елдердің дамуы арасындағы айырмашылық,

дамушы елдердің дамыған елдерге карағанда тұрмыс жағдайларының нашарлығы, кедейлік, жұмыссыздық, сыбайлас жемқорлық, сауатсыздық, дамушы елдердің жоғарғы билік өкілдерінің кезкелген жолмен билікті сақтап қалуға ұмтылуы — осының барлығы ақырында лаңкестіктің туындауы үшін қолайлы жағдай жасауда [1]. «Лаңкестік» термині үкіметті басқару немесе қоғамға қауіп төндіру мақсатында қолданылатын зорлық-зомбылыққа негізделінген, белгілі бір идеологиялық, саяси немесе діни себепті насихаттауға бағытталғандығы айқын. Әрине бұл анықтама мемлекеттік емес субъектілер тарапынан өздерінің саяси мақсаттарына жету үшін зорлық-зомбылықты қолдануы немесе пайдалануына негізделінгендігін көрсетеді. Батыстық ұғымдағы «секьюритилендіру» — аймақтың қауіпсіздігіне ішкі немесе сыртқы қауіп қатерлер ретінде түсіндірілуі де мүмкін. Қауіпсіздік саласында Орталық Азия мемлекеттерінде де лаңкестік мәселесі тікелей қауіпсіздендіру ұғымымен үйлестірілген.

Әлемдік, аймақтық бейбітшілік пен тұрақтылыққа қауіп төндіретін барлық мүмкін болатын экстремистік, діни және ұлтшылдық ұйымдардың қызметінің жандана түсуіне байланысты үнемі өсіп келе жатқан қауіп жағдайында халықаралық қоғамдастық осы қатерге қарсы күресін жетілдіруге талпынуда. Егер лаңкестікке қарсы күрес мәселелерінде нақты геосаяси басымдықтарды ескеретін әртүрлі көзқарастар қағидаты басым болса, онда жағдай бақылаудан шығуы мүмкін және мұндай жағдайда халықаралық істерде маңызды дағдарысты құбылыстарды білуге мүмкіндік беретін сәттің пайда болу мүмкіндігі жоққа шығарылмайды. Бұл жағдайда жағдайды реттеу өте қиын болады. Қазіргі заманғы лаңкестікке қарсы күресте бір жағынан қару-жарақ пен есірткінің заңсыз айналымына кедергі келтіретін, ал екінші жағынан лаңкестік іс-әрекеттерді қаржыландырудың барлық мүмкін көздерін окшаулау жөніндегі тиімді тетікті әзірлейтін жүйелі сипаттағы шаралар қажет.

#### *Теориялық-әдістемелік негізі*

Зерттеудің әдіснамалық негізін — талдаудың салыстырмалы, институционалдық, логикалық-гносеологиялық, жүйелік-тарихи және құрылымдық-функционалдық әдістерінің синтезі құрайды. Мәселені зерттеу материалдары саяси реализм және ұтымды тандау теориясы тұрғысынан қаралды. Зерттеу әдістерінің өзегі — жүйелі талдау және құрылымдық-функционалдық талдаудың бір түрі ретінде проблемалық-бағдарлы көзқарас болып табылады. Мәселені қарастыру барысында Орталық Азия елдерінің халықаралық қатынастардағы орны мен аймақтық елдер арасындағы қарым-қатынастардың мәні мен рөлін, даму қарқынын жан-жақты қарастыруға мүмкіндік туғызған аналитикалық тәсіл кеңінен пайдаланылды. Сонымен бірге халықаралық лаңкестік пен діни экстремизмнің әрқилы бағыттары мен ағымдарын бір-бірімен салыстырмайынша, оларды толыққанды түсіну және бұл құбылыстардың ішкі мәнін ұғына қою мүмкін емес десе болады. Сондықтан да мәселені теоретикалық және әдістемелік тұрғыдан зерттеудің негізін ең алдымен салыстырмалы сараптамалар құрады. Сол ретте айқындалғаннан кейін ғана лаңкестік пен діни экстремизмнің алдын алуға, ескертуге және бейтараптандыруға қатысты тиімді тұжырымдама жасауға болады. Салыстырмалы сараптама өз кезегінде тарихи шолумен толықтырылды, оның қажеттілігі лаңкестік пен діни экстремизмнің қазіргі кезеңдегі ілімін жақсырақ түсіну үшін нақтылы тарихына үңілумен дәйектеледі. Аймақ көлеміндегі өзекті мәселелерді талдау барысында тарихи әдістеме кеңінен қолданылды. Мақаланың өзегі болып табылатын негізгі саяси үдерістерді зерттеудің әдістемелік негізі ретінде сондай-ақ диалектикалық әдістермен бірге жүйелі сараптау әдісін де атап өтуге болады.

#### *Пікірсапа*

Тәуелсіз ел ретінде Орталық Азия мемлекеттері қауіпсіздіктің жаңа қарқынына тап болды, мұнда ұлттық қауіпсіздік кезкелген үкіметтің маңызды басымдығы болып саналады. Соңғы кездері кең етек ала бастаған лаңкестік мәселесі де Орталық Азия мемлекеттерінің қауіпсіздігінің маңызды мәселесіне айналды. Жаңа қалыптаса бастаған Орталық Азия елдерінде коммуналдық және сепаратистік зорлық-зомбылық оқиғалары орын алды. Кейінгі кездері аймақтағы лаңкестік трансшекаралық құбылысқа айналып, бұл үрдістің алдын алу жолдары кеңінен қарастыруды қажет етуде. Аймаққа таяу орналасқан Ауғанстан аумағында дайындықтан өткен кейбір лаңкестік ұйымдардың іс-әрекеттері Орталық Азия елдерінде көрініс табуда. Ферғана алқабындағы этникалық және мемлекетаралық қақтығыс лаңкестіктері үшін өте қолайлы алаң еді. Мұндай жағдай Орталық Азия мемлекеттерінің сыртқы саясатын айқындаудың маңызды факторына айналды. АҚШ-тағы 2011 жылдың 11 қыркүйегіндегі лаңкестік әрекеттерден және Орталық Азиядағы ДАИШ ықпалының кеңеюінен кейін радикалды ислам аса маңызды қауіпсіздік мәселесі ретінде қарастырылуда.

Аймақтың қазіргі саяси элитасы «исламның радикализациялануын» Ауғанстанның Талибан күштерінің аймаққа енуінен туындаған шекаралық құбылыс деп санайды. Бұл барлық Орталық Азия мемлекеттері үшін маңызды қауіпсіздік мәселесі және қауіп-қатер ретінде пайда болды. Орталық Азия аймағындағы геосаяси жағдай және мұнай мен табиғи газдың ірі қоймалары жаһандық державалар мен мемлекеттік емес субъектілердің қызығушылығын тудыруда. Демек, Орталық Азия мемлекеттері дискурсивті құрылымдарда үстем жағдайға ие болуда [2]. Алайда лаңкесшіл және басқа да экстремистік ұйымдардың кез келген жоспарларын бұзу үшін ең алдымен мемлекеттердің өзара тығыз іс-қимылы мен өзара сенімділігі қажет, сонымен бірге Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) әлемдік қоғамдастықтың пікірін толық есепке ала отырып, қатаң да әділ шаралар қолдануы керек [3]. Қазіргі уақытта осы саланың мамандары лаңкестікке қарсы іс-қимыл шараларын қолданар алдында оның жалпы тұжырымдамасы мен ұғымын әзірлеу керек деп ойлайды. Атап айтқанда, ішкі лаңкестікті ұлттық ауқымда сыртқы, халықаралық, мемлекетаралық екендігін міндетті түрде ажырату ұсынылады. Бұл айырмашылықтарда олар бір жағдайда кейбір халықтардың ұлттық-азаттық күресімен, ал басқаларында — реакциялық-саяси мақсаттарға жетумен байланысты болатын лаңкестіктің функционалды бағытын көреді. Әрине мұндай тәсіл лаңкестіктің толық сипатын жан-жақты қамти алмайды, ол жартылай сипатқа ғана ие. Өйткені, қандай да бір елдердегі азаматтық қақтығыстардың тәжірибесі көрсеткендей, ұлттық аумақтар шегінде қалыптасатын лаңкестік топтар өте тез халықаралық, мемлекетаралық болып келеді, бұл туралы Ауғанстандағы және Ирактағы азаматтық соғыс тәжірибесі дәлелдейді [4; 89]. Бұл елдердегі лаңкестік топтар аз уақыт ішінде халықаралық лаңкестік жетекшісі болып табылатын Усама Бен Ладенге және оның Аль-Кайда ұйымына толықтай тәуелді болып қалғандығы белгілі. Сондықтан жергілікті, халықаралық немесе тіпті мемлекеттік сипаттағы түрлеріне қарамастан лаңкестікке қарсы күрес әлемдік қоғамдастықтың басты міндеті болуы тиіс, өйткені қазіргі заманғы лаңкесшілер жыл сайын қауіпті болып келеді, себебі олар әлемге және халықаралық қауіпсіздікке елеулі зиян келтіретін ең жаңа қару болуға ұмтылуда. Қылмыстық ниеттерін іске асыру мақсатындағы мұндай құрылымдар заңға қарсы келетін нысандар мен әдістердің тұтас кешенін пайдаланатыны анық.

Лаңкестік ұйымдар өз мақсаттары мен әрекеттерін насихаттау мақсатында әлеуметтік желілер мен мессенджерлерді белсенді пайдалануда. Өйткені бүгінгі күні интернет — мәлімет таратудың негізгі арнасы екендігі белгілі. Сол ретте лаңкестік ұйымдар Facebook, Одноклассники, ВКонтакте, WhatsApp және Telegram мессенджерлері, сондай-ақ YouTube бейнехостингі сияқты заманауи технологияларды қолданады [5]. Осындай ақпараттардың ықпалын айқындау мақсатында Қырғыз Республикасының астанасы Бішкек қаласында кеңсесі бар «Search for common ground» (SCG) халықаралық ұйымының тапсырмасы бойынша жүргізілген зерттеу барысында тәуекел тобындағы Қырғыз елінің 108 жас тұрғындары — жұмыссыздар мен интернетті белсенді пайдаланатын студенттер арасында сауалнама өткізілді. Нәтижесінде респонденттердің 61 пайызы экстремистік сайттарда орналасқан ақпаратқа сенетінін айтса, 20 пайызы лаңкестік ұйымдардың жауынгерлеріне алаңдаушылық білдірген, ал 19 пайызы мұндай ақпаратты жоққа шығарады және теріс қабылдайды екен [6]. Желілердегі осы сипаттағы мәліметтерді айқындау мәселесі бойынша Facebook әлеуметтік желісінің өкілі, Үндістан, Оңтүстік және Орталық Азия бойынша қоғамдық саясат менеджері Кавита Кунхи Каннанның мәлімдемесіне көңіл бөлсек, экстремистік материалдарды анықтау бойынша арнайы технологиялар да бүгінгі күні кеңінен қолданылады [7]. Ал Қазақстан діндарлармен онлайн және жеке әңгімелердің көмегімен өзара іс-қимылдың жеке жүйесін әзірледі. Имамдар өз біліктілігін үнемі арттырып, жоғары білікті мамандармен насихат топтары құрылды. Діни тақырыптағы дұрыс шынайы ақпарат жарияланатын интернет-порталдар құрылды және жұмыс істейді. Орталық Азия аймағындағы лаңкестіктің алдын алу әрекеттері біртіндеп жүзеге асуда. Сол ретте БҰҰ жанындағы Интерполдың арнайы өкілінің орынбасары Элизабет Ногейер Орталық Азия үшін Жапония үкіметі қаржыландыратын KALKAN атты жоба туралы хабардар етуде. Бұл жоба 2017 жылдың наурыз айында іске қосылды және халықаралық полиция өкілі атап өткендей, Тәжікстан жобаның бес басты контрибьюторына кіреді. Қазіргі уақытта Интерполдың деректер базасында 43000 лаңкестердің аттары бар. Бір жыл ішінде жобаның арқасында әртүрлі елдерде 16 адам ұсталды [8]. Лаңкестік ұйымдардың мақсаты әртүрлі елдер мен аймақтардағы деструктивті үдерістер болып табылады. Орталық Азия мәдениеті мен діни дәстүрлерінің үлкен алуан түрлілігімен әрқашан өзіне ерекше назар аударды. Аймақ оның жан-жақты дамуы үшін өте әлеуетті [9]. Осы уақытқа дейін ауған есірткімен байланысты мәселе халықаралық күн тәртібіндегі басты мәселе болып отыр. Ал өңірді тұрақсыздандыру, бұл — ретсіздік енгізу. Мұндай ұйымдар аймақтағы қауіпсіздік мәселелеріне ерекше мән береді. Орталық Азиядағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті жоғалту, бұл маңызды геосаяси аумақты және оның жоспарлы дамуының келешегін жоғалтуды білдіреді.

Қырғызстан астанасында «Орталық Азия: пенитенциарлық жүйелер үшін заманауи сын-қатерлер мен тәуекелдер» атты халықаралық ғылыми-практикалық форум өтті [10]. Форум жұмысына Тәжікстан, Өзбекстан және Қазақстан пенитенциарлық қызметтерінің өкілдері, сондай-ақ халықаралық ұйымдар мен тәуелсіз сарапшылар қатысты [11]. Халықаралық ғылыми-практикалық форумды өткізудің мақсаты қазіргі заманғы қауіп-қатерлер ескере отырып, террористік сипаттағы және экстремистік бағыттағы қылмыстар үшін сотталғандармен жұмыста Орталық Азия елдерінің қылмыстық-атқару жүйесінің пенитенциарлық саясатын әзірлеу, түрмелерде экстремизм идеологиясының таралуын болдырмау, тұтқындарды зорлық-зомбылықтан бас тартуға ынталандыру жөніндегі іс-шараларды айқындау, оларға әлеуметтік оңалтуға көмек көрсету болып табылады [12].

Әскери сарапшы Вячеслав Бойко мәлімдегендей: «халықаралық лаңкестік Орталық Азия мемлекеттерінің ұлттық және аймақтық қауіпсіздігіне ең басты қауіп болып табылады» деген түсінік аймақтық дискурста кеңінен ұсынылған [13]. Айта кету керек, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон қазіргі заманғы даму кезеңіндегі «адамзаттың ең маңызды мәселесі» лаңкестік туралы айтқан болатын. Аймақ елдері мемлекеттік деңгейде діни экстремизм мен лаңкестікке қарсы күрес іс-қимыл стратегиясын әзірлеп, лаңкестіктің қауіп деңгейін анықтау тәртібін енгізетіндігін мәлімдеген болатын» [14]. Сонымен бірге «Орталық Азия: пенитенциарлық жүйелерге арналған қазіргі заманғы сын-қатерлер мен перспективалар» Халықаралық форумына қатысушы елдердің пенитенциарлық жүйелеріне мемлекеттік құрылымдармен өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін тәжірибемен, табысты тәжірибелермен, нормативтік-құқықтық актілермен белсенді алмасумен қатар лаңкестікке қатысты айыпталғандардың осы санатымен жұмыс істеуге күш-жігерді біріктіру ұсынылды [15].

Лаңкестік сипаттағы және экстремистік бағыттағы қылмыстары үшін сотталғандармен жұмыс істеу әдістерін саралау және кейіннен таңдау мақсатында Қырғыз Республикасының үкіметі жанындағы жазаны орындаудың мемлекеттік қызметі және Қырғыз Республикасындағы БҰҰ ЕҚБ бағдарламалық офисі әзірлеген пенитенциарлық тәжірибеге айыпталғандарды түзеу мекемесіне түскеннен бастап босатылған сәтке дейін айыпталғандардың тәуекелдерін бағалау және сыныптау жүйесін енгізу ұсынылады [16]. 2000 жылы Қырғызстан үкіметі лаңкестік және экстремизм мен сепаратизмнің басқа түрлеріне қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттік бағдарлама туралы Заң қабылдады. Бұл заң лаңкестік актісіне қатысқандар үшін өлім жазасына немесе 10–25 жылға бас бостандығынан айыруға кепілдік береді. Үкімет тиісті министрліктердің өкілдерінен тұратын лаңкестікке қарсы орталық құрды. Орталықты Мемлекеттік Ұлттық қауіпсіздік комитеті басқарады. 2015 жылы орталық лаңкестік қатерлерге қатысты ақпаратты үкіметтің құқық қорғау органдарымен бөлісті. Бұл үкіметтің лаңкестікпен күрес жөніндегі негізгі ұйымы.

Әлемдік лаңкестікке қарсы күрес мәселесі әлі күнге дейін әлемнің барлық мемлекеттерінде күн тәртібінде тұр. Сириядағы жергілікті қақтығыс жойылса да, бұл мәселенің ошағы әлі де ушыға түсуде. Әскери стратегиялар саласындағы сарапшы Валерий Аксенов айтқандай: «Сирия мен Ирактан шыққан адамдарды ығыстыру жағдайында Орталық Азияның барлық мемлекеттері үшін қауіп бар. Бұл ретте, әртүрлі бағалаулар бойынша олар негізінен Ауғанстанға көшірілетін болады. Лаңкестердің оралуы радикалды идеялардың насихатталуы мен контентін күшейту тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар зайырлы саяси жүйелерге де қауіпті болып табылады» [17].

Қазақстанның лаңкестікке қарсы саясаты елдегі 2011–2012 жылдардағы лаңкестік әрекеттің орын алуына байланысты жаңа арнада дамыды. 2011 жылы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңның қабылдануына байланысты мемлекеттік мекемелерде намаз оқуға, діни әдебиеттерді еркін сатуға және оны елге бақылаусыз әкелуге тыйым салды және діни ұйымдарды тіркеуге қатаң талаптар қойды. Республикада діни экстремизм мен лаңкестікке қарсы 2013–2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама жасалынды, ол лаңкестікке қарсы күресті белсенді түрде насихаттады, азаматтық қоғамды осы құбылысқа қарсы іс-қимылға қатысуға, лаңкестікпен күрес саласында жұмыс істейтін үкіметтік емес ұйымдарды қолдауға шақырды [18]. 2014 жылы Қазақстан үкіметі Экстремизмге қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттік бағдарламаның ережелерін енгізу үшін лаңкестікке қарсы заңнамаға түзетулер енгізді. Заңнама бюрократиялық кедергілерді алып тастады және экстремизм мен лаңкестікке қарсы іс-қимылға қатысатын мемлекеттік органдардың ынтымақтастығын жоғарылатты. Ол үкіметке кез-келген байланыс желісін және лаңкестікті насихаттаумен айналысатын ұйымдарды жабуға мүмкіндік берді. Қазақстанның Шекара қызметі лаңкестікке бақылау тізімінде тұрған адамдарды бақылау үшін «Бірыңғай ақпараттық жүйенің мәліметтер базасын» қолданады. 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап лаңкестік пен заңсыз діни әрекеттері үшін жазаны едәуір күшейтетін жаңа Қылмыстық кодекстің күшіне енді. Қазақстандағы бұл қадам лаңкестік пен діни экстремизмнің ел аумағында кең етек алуына

біршама тосқауыл болды. Соңғы жылдары лаңкестік әрекеттердің алдын алу мүмкіндігі әлдеқайда жоғары.

Орталық Азия елдерінің ішінде Өзбекстан Республикасы лаңкестікке қарсы күресте өзбек халқының жоғары діншілдігімен қатар діни экстремизмге қарсы күрестің ымырасыздығымен ерекшеленеді. Республика аумағында негізгі қауіп — Өзбекстанның заңды билігін құлатуға және ислам мемлекетін орнатуға ықпал ететін ислам қозғалысы болып табылады. Республика көлемінде діни сала, бас муфтилер мен имамдар, мешіт, кез келген діни көріністер қатаң бақылауда ұсталынады. Сондай-ақ Өзбекстанның қылмыстық заңнамасы бойынша лаңкестік үшін жаза аса қатаңдықпен ерекшеленеді. Адамның өліміне әкеп соққан лаңкестік акт республикада он бес жылдан жиырма бес жылға дейінгі мерзімге не өмір бойы бас бостандығынан айырумен белгіленеді. Бұл Орталық Азия республикалары арасындағы ең қатаң жаза [19]. Өзбекстан үкіметі 2000 жылы «Терроризмге қарсы күрес туралы» Заң қабылдады және 2004 жылы бұл заңды қайта қарады [20]. Лаңкестікке қарсы тұруға жауапты тұлғалар мекемеаралық әрекеттерді үйлестіру және қадағалау үшін негізгі жауапкершілікке ие. Мемлекеттік департаменттің лаңкестікке қарсы көмек бағдарламасы 2014 жылдың қыркүйегінде іске қосылды. Өзбекстан лаңкестікке қатысты қаржылық тергеу мен ақпарат алмасуды бастау үшін АҚШ-тың есірткі қолдану басқармасымен өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды.

Ол өзбек-тәжік шекараларының екі шекара өткелінде бірлескен шекара пункттерін ашты. Ресми үкіметтік бұқаралық ақпарат құралдары лаңкестіктің қауіптілігі туралы ескерту үшін деректі фильмдер, кітаптар мен хабарламалар шығарады. Республикада лаңкестікке қарсы іс-қимыл жүйесінің ерекшелігі мемлекеттің жергілікті өзін-өзі басқару органдарын экстремизмге қарсы іс-қимыл міндеттерін орындауға тартуы болып табылады. «Азаматтардың өзін-өзі басқару органдары туралы» заңға сәйкес олар азаматтарды есепке алуды жүзеге асырады және мұсылмандарды қадағалайды. Жалпы, Өзбекстанның лаңкестікке және діни экстремизмге қарсы іс-қимыл саясаты негізінен шектеу шараларын қолдануымен ерекшеленеді, оның ішінде халықтың бір бөлігінің радикалдануына және адамдардың исламистер қатарына кетуіне ықпал етеді.

Тәжікстанның Орталық Азия республикаларының арасындағы ерекшелігі тек мұнда ғана Парламентте діни ислам партиясы — Тәжікстанның Исламның жаңғыру партиясы заңды түрде ұсынылған. Исламның жаңғыру партиясы 1992–1997 жылдардағы азаматтық соғыс барысында үкіметке қарсы қарулы күресте тікелей қатысқан, бірақ бейбіт мақсаттармен парламенттік партияға ауыса салған исламистік ұйымның бірегей үлгісі болып табылады. Соңғы жылдары байқалған Тәжікстан халқының исламдық ерекшелігінің артуын ескере отырып, исламистер біршама жақтастарын тарта бастады. Дегенмен Рашт алқабында исламистермен қақтығыс болып, 2010 жылы арнайы қызмет генералы Абдулло Назаровтың өлімінен кейін Тәжікстан үкіметі діни экстремизмге қарсы күресті күшейтті [21]. Республикада діни оқу орындарының саны күрт қысқарды. Ал мешіт имамдары Тәжікстанда ғана мемлекеттік органдармен тағайындалады. Республикада 2011 жылдан «балаларды оқыту және тәрбиелеу үшін ата-аналардың жауапкершілігі туралы» заң әрекет етеді, ол ата-аналарды балалардың діни ұйымдардың қызметіне қатысуына жол бермеуге міндеттейді. 18 жасқа толғанға дейін балаларға мешітке баруға тыйым салынады. 2005 жылдан бастап Тәжікстанда мешітке әйелдерге кіруге тыйым салынған. Тәжікстан үкіметі жанындағы дін істері және ұлттық дәстүрлерді, салтанаттар мен салттарды реттеу жөніндегі комитет әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді дербес қарауға құқылы, бұл ретте 2012 жылдан бастап діни ұйымдардың қызметін бұзғаны үшін айыппұл сомасы күрт өсті және республика азаматтарының орташа айлық табысынан асып түседі [22]. Жалпы алғанда, Тәжікстан мемлекет пен дін қарым-қатынастарына қатаң көзқараспен ерекшеленеді, алайда, қоғамдағы экстремистік көңіл-күйді жоюға жеткіліксіз көңіл бөлінуде. Бұған халық өмірінің әлеуметтік тұрақсыздығы өзіндік әсер етуде десе болады.

Тәжікстан үкіметі лаңкестік әрекеттерге арналып жылыстатылған қаржы аударымдары үшін Тәжікстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес жазалайды. 2010 жылы шекарадағы қауіпсіздікті жақсарту үшін шекараны басқарудың ұлттық стратегиясы жаңартылды. Тәжікстан лаңкестікке қарсы көмек бағдарламасына белсенді қатысады және тәжік қауіпсіздік күштері шекара қауіпсіздігі мен лаңкестік қарсы тергеу мәселелерін шешу бойынша жаттығулар өткізуге белсенді түрде қатысады.

Орталық Азияны елдерінің ішінде Түрікменстан халқының дінге деген көзқарасы әлдеқайда байсалды десе болады. Оған үкімет тарапынан жасалынатын қатаң бақылау да өзіндік әсерін тигізері сөзсіз. Түрікменстанда лаңкестік актілер туралы деректер кездеспейді, оған елдің сыртқы әлемнен шектеулі саясат жүргізуіне байланысты болуы мүмкін. Түрікменстан үкіметі 2003 жылы лаңкестікке қарсы күрес туралы заң қабылдады, онда лаңкестік актісіне қатысқандар үшін өлім жазасы немесе 5–25 жылға

бас бостандығынан айыру қарастырылған. Лаңкестік қарсы осы заңға Қылмыстық кодекстің 271–273-баптары сәйкес келеді, онда лаңкестік актісі және оны қаржыландыру көздері жазылған [23]. Орталық Азия аймағында діни экстремизм мен халықаралық лаңкестікке қарсы күресте аймақтық халықаралық ұйымдардың үлесі де ерекше.

Бұл бағытта 2000 жылы құрылған ТМД «Лаңкестікке қарсы орталығының» өңір аумағында лаңкестікке қарсы күрестегі рөлі айтарлықтай жоғары. Достастық шеңберінде лаңкестікке қарсы күрестің жалпы тәсілдері әзірленді, қабылданған нормативтік-құқықтық актілер негізінде ұлттық заңнамаларды біріздендіру жүргізілді; лаңкестік топтар мен ұйымдар туралы бірыңғай деректер банкі қалыптастырылды; лаңкестікке қарсы оқу-жаттығулар өткізілуде, олардың барысында лаңкестік құрылымдарды іздестіру мен жоюға бағытталған бірыңғай тәсілдер расталады [24]. 2001 жылы құрылған «Шанхай ынтымақтастық ұйымы» (ШЫҰ) халықаралық лаңкестік пен діни экстремизмге қарсы күресті нығайту мақсатында аймақтық терроризмге қарсы құрылым шеңберінде әрекет етуде. Орталық Азия мемлекеттерінің құқық қорғау органдарының қызметкерлері ШЫҰ шеңберінде Ресей мен ҚХР-да тағлымдамалық жаттығулар негізінде өздерінің біліктілігін жетілдіруге мүмкіндік алған. Сондай-ақ аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында РФ және ҚХР-дің кәсіби арнайы қызметтерімен барлау ақпараттарымен алмасу жүргізіледі. Осы ретте 2002 жылы аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытында құрылған «Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы» (ҰҚШҰ) да лаңкестік пен діни экстремизмге қарсы күресте белсенді рөл атқаруда. ҰҚШҰ қару-жарақ пен әскери техника саласында Орталық Азия мемлекеттеріне жеңілдетілген бағамен көмек көрсету құралы болып табылады, ынтымақтастық шеңберінде армия мен құқық қорғау органдарының қызметкерлерін даярлау жүзеге асырылады; ҰҚШҰ-да лаңкестікке қарсы тұрақты бірлескен оқу-жаттығулардың тетігі жолға қойылған; ұйым аясында есірткі трафигімен күрес жүріп жатыр, бұл өңірдегі лаңкестердің белсенділігін төмендетуге ықпал етіп жатқандығы айқын.

2004 жылы құрылған, 9 мемлекеттен тұратын «Қылмыстық кірістерді заңдастыруға және лаңкестікті қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі Еуразиялық Топ» — аймақ мемлекеттеріне қылмыстық кірістерді жылыстатуға және лаңкестік топтарды қаржыландыруға қарсы күрес жүйесін құруға жәрдемдесуде. Ұйымның құрамына Орталық Азияның барлық мемлекеттері кіреді. 10 жыл ішінде аймақ мемлекеттері қаржы жылыстатумен күресу үшін қаржылық шараларды әзірлеу жөніндегі топтың қағидаттарына сәйкес келетін қылмыстық кірістерді заңдастыруға және лаңкестікті қаржыландыруға қарсы іс-қимылдың тиімді өңірлік жүйесін құруға қол жеткізді.

Сонымен бірге БҰҰ-ның Орталық Азиядағы лаңкестікке қарсы жаһандық стратегиясын іске асыру жөніндегі бірлескен іс-қимыл жоспары бір мезгілде және алдын алу мақсатында лаңкестікке қарсы күресте жан-жақты қамтитын шараларды қолдануды көздейді. Соған орай негізгі іс-шара лаңкестікті туындататын әлеуметтік-экономикалық, мәдени, идеологиялық және діни жағдайларды жоюға бағытталуы керектігін дәйектейді. Өйткені өңірдегі исламистердің кең етек алуына ықпал еткен себептер қатарында аймақтағы елдердің мемлекеттік институттарының әлсіздігі мен сыбайлас жемқорлықтың өршуін, халықтың әлеуметтік қорғалмауы мен өмір сүру деңгейінің төмендігін; этностар арасындағы да, мемлекеттер арасындағы да дау-дамайлар мен қақтығыстардың орын алуын, биліктегі түрлі топтардың үйлесімсіз өкілдігін, дінге немесе ұлтқа тиесілілігі негізінде азаматтарды кемсітуін атап өтуге болады [25].

Орталық Азия мемлекеттеріне БҰҰ-ның жаһандық антитеррорлық стратегиясын іске асыру үшін аймақтық іс-қимыл жоспарын құруға көмек көрсету туралы бастама ұсынылды. Бұл бастама Орталық Азия үкіметтеріне, сондай-ақ аймақта жұмыс істейтін аймақтық және халықаралық ұйымдарға БҰҰ-ның Жаһандық антитеррорлық стратегиясын жүзеге асыруға қолдау көрсетуге бағытталған. Бұл тәжірибе алмасуға және Стратегияның әртүрлі тіректерін іске асырудағы қиындықтарды шешуге арналған үш сараптамалық кездесуді ұйымдастыру арқылы қол жеткізілді. Олар негізгі мүдделі тараптарды, оның ішінде Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан үкіметтерін, тиісті аймақтық және субаймақтық ұйымдарды (ТМД, ҰҚШҰ, ШЫҰ, ИБҰ, ЕҚЫҰ және НАТО), БҰҰ жүйесін, көрші үкіметтердің өкілдерін біріктірді, азаматтық қоғам, сондай-ақ аймақтық және халықаралық сарапшылар қатысты. Кездесулер лаңкестікке қарсы іс-қимыл бойынша білім мен тәжірибе алмасуға, кемшіліктерді анықтауға, аймақтағы Стратегияны іске асыру үшін бастамаларға халықаралық қолдауды ынталандыруға және жалпы көзқарастар бойынша консенсусқа келу мен үйлестірілген ынтымақтастыққа жетуге бағытталған. Орталық Азияда тұрақты диалогты, үйлестіруді және ақпарат алмасуды қамтамасыз ету үшін аймақтағы лаңкестікке қарсы іс-қимыл жасаушыларының желісі құрылатын болды.

## Қорытынды

Қазіргі кезеңде халықаралық лаңкестік пен діни экстремизм кез-келген мемлекеттің қауіпсіздігіне ғана емес, жалпы адамзатқа төнген басты қауіптердің бірі болып табылады. Лаңкестік экстремизмнің және оның экстремалды көрінісінің ажырамас бөлігі бола отырып, экстремистік идеологияға негізделген әрекеттер жүйесі ретінде әрекет етеді, олардың көмегімен экстремистік және лаңкестік ұйымдар өздерінің саяси мақсаттарына жетуге тырысады.

Орталық Азия республикаларының үкіметтеріне Ауғанстаннан АҚШ әскерін толық шығару аясында өз халқы арасында радикализмнің өсу себептерін жою жөніндегі жұмысты жеделдету қажет екенін атап өткен жөн [26]. Аймақ төңірегінде қалыптаса бастаған саяси ахуал барлық мемлекеттердің күш-жігерін үйлестіруді талап етеді, өйткені аймақ қайта талпынған Ислам күштерінің жаңа толқынына тап болуы ықтимал. Сол ретте халықаралық лаңкестік пен діни экстремизммен күрес саласындағы саясат кейбір өзекті факторларды ескеруі өте қажет [18]. Яғни «Ирак пен Левант ислам мемлекеті» лаңкестік ұйымын назардан таса қылмау, өйткені олар өз қатарына Орталық Азиядан мыңдаған мұсылмандарды тартқан болатын. Олай болса қажет деп тапқан сәтте Орталық Азиядағы саяси жағдайды тұрақсыздандыру мүмкіндігі өте жоғары. Сондай-ақ Ауғанстаннан АҚШ әскерлерінің шығуы да Орталық Азия шекарасына исламистік топтардың шоғырлану мүмкіндігін туғызары сөзсіз.

Өйткені Орталық Азияда исламмен тығыз байланысты бірқатар діни экстремистік және лаңкестік ұйымдар жұмыс істейді: Өзбекстанның ислам жаңғыру партиясы, «Адолат уюшмаси» (“әділдік қоғамы”), «Исломкарлари» (“Ислам жауынгерлері”), «Товба» (“тәуір”), «Иймончи-лар» (“сенушілер”), сондай-ақ «Акрамия» немесе «Халифатчилар» (“Халифат ұстаушылары”), Өзбекстанның ислам қозғалысы, «Хизб ут-ДТ» (“Халифат ұстаушылары”), Өзбекстанның ислам қозғалысы, «Хизб ут-Тахрир» (босату партиясы); Шығыс Түркістандағы ислам қозғалысы, «мұсылман ағайындары» [27]. Олардың әрқайсысы өз мақсаттарын көздейді, сонымен бірге олардың ұқсастығы белгілі бір талаптар жиынтығында көрінеді, атап айтқанда: исламның негізгі қағидаттары мен өсиеттеріне оралу; исламды кейбір ауытқулардан тазарту; хакимийге (егемендікке) және халифатқа негізделген саяси жүйе құру; шариғатқа негізделген заң жүйесін енгізу және оған биліктің зайырлы тармақтары (сот және атқарушы) алдында басымдық беру.

Көптеген зерттеушілер лаңкестікке қарсы операциялар жағдайында халықаралық заңдарды, әсіресе адам құқықтары туралы заңдарды толығымен сақтау қажеттілігіне назар аударды, кейбіреулер лаңкестікке қарсы тұрудағы жетістік Біріккен Ұлттар Ұйымы шеңберіндегі адам құқықтары қағидаттарын құрметтеуге байланысты болатындығын атап өтті.

Бұл бағытта шешілмеген мәселелер әлі жеткілікті — ал оларды шешу Орталық Азия мемлекеттерінің билік басындағы тұлғаларының саяси еріктеріне де тікелей байланысты. Орталық Азиядағы жаңа қыр-көрсетулер ішкі ғана емес, сыртқы өлшемге де қатысты, сондықтан халықаралық лаңкестікке қарсы күрес ресурстары, мүмкіндіктері мен шарттары осы кешенді мәселені шешу үшін аймақ елдерінің біріге отырып тиімді стратегияны таңдауымен айқындалады.

## Әдебиеттер

- 1 Әліпбаев А.Р. Лаңкестік: әлеуметтік-саяси астары / А.Р. Әліпбаев, Б.З. Бөжеева // ҚазҰУ Хабаршысы, ХҚ және ХҚ сериясы. — 2017. — № 3(79). — Б. 23–30.
- 2 Horsman S. Themes in official discourses on terrorism in Central Asia / S. Horsman // Third World Quarterly. — 2005. — No. 1(26). — P. 199–213.
- 3 Васильев Л.Е. Международный терроризм как способ достижения политических целей и его особенности в Центральной Азии / Л.Е. Васильев // Дальневосточные проблемы. — 2016. — № 6. — С. 24–29.
- 4 Антонович И.И. Международный опыт профилактики терроризма. Предложения в сфере международного взаимодействия по противодействию распространения идеологии терроризма / И.И. Антонович, О.М. Особенков, Л.Н. Панкова, В.А. Щегорцов. — М.: Университетская книга, 2010. — 132 с.
- 5 Allison R. Strategic reassertion in Russia’s Central Asia policy / R. Allison // International Affairs. — 2004. — No. 2(80). — P. 277–293.
- 6 Crosston M. Fostering fundamentalism: terrorism, democracy and American engagement in Central Asia / M. Crosston. — Routledge, 2016.
- 7 Amanbayeva A. The collision of Islam and terrorism in Central Asia / A. Amanbayeva // Asian Journal of Criminology. — 2009. — No. 2(4). — P. 165.
- 8 Карин Е. Терроризм в Казахстане: от виртуального к реальному / Е. Карин. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://kursiv.kz/news/tendencii-i-issledovaniya/-07/terrorizm-v-kazakhstan-ot-virtualnogo-k-realnomu>.

- 9 Heath-Kelly C. Critical Terrorism Studies, Critical Theory and the 'Naturalistic Fallacy' / C. Heath-Kelly // Security Dialogue. — 2010. — No. 3(41). — P. 235–254.
- 10 Sean M.P. Regulatory counter-terrorism: a critical appraisal of proactive global governance / M.P. Sean // International Affairs. — 2019. — No. 4(95). — P. 939–940.
- 11 Chernykh I. Conditions for Securitization of International Terrorism in Central Asia / I. Chernykh // Connections. — 2005. — No. 1(4). — P. 131–142.
- 12 Сахиев С.Р. Выходящий из Центральной Азии терроризм и экстремизм как главный риск безопасности Казахстана и России / С.Р. Сахиев // Политическая экспертиза. — 2007. — Вып. 3, № 3. — С. 79–104.
- 13 Ионова Е. Об угрозе терроризма в Центральной Азии / Е. Ионова // Россия и новые государства Евразии (ИМЭМО РАН). — 2015. — № 4. — С. 60–71.
- 14 Васильев Л. Особенности борьбы с терроризмом в Центральной Азии в современных условиях / Л. Васильев // Мировые державы в Центральной Азии. — М., 2011. — С. 183–195.
- 15 Mann P. Fighting terrorism: India and central Asia / P. Mann // Strategic Analysis. — 2001. — No. 11(24). — P. 2035–2054.
- 16 Бойко Ю. Политико-правовые аспекты международного сотрудничества в борьбе с терроризмом в рамках ШОС / Ю. Бойко // Обозреватель-Observer. — 2008. — № 8. — С. 25–31.
- 17 Егоров Е.Н. Противодействие терроризму и религиозному экстремизму: опыт государств Центральной Азии: автореф. дис. ... д-ра наук / Е.Н. Егоров. — 2015. — Режим доступа: <http://cheloveknauka.com/protivodeystvie-terrorizmu-i-religioznomu-ekstremizmu-opyt-gosudarstv-tsentralnoy-azii#ixzz6EOKYjqsB>.
- 18 Karagiannis E. Political Islam in Central Asia: The Challenge of Hizb ut-Tahrir / E. Karagiannis. — Routledge, 2009. — P. 176.
- 19 Егоров Е.Н. Национальный состав экстремистских движений Центральной Азии / Е.Н. Егоров // Исторические, философские, политические и юридические науки, культурология и искусствоведение. Вопросы теории и практики. — 2014. — № 5(43), Ч. 2. — С. 77–81.
- 20 Егоров Е.Н. Борьба с религиозным экстремизмом в Таджикистане: законодательный уровень / Е.Н. Егоров // Актуальные вопросы общественных наук: социология, политология, философия, история: сб. ст. по материалам XXXV Междунар. науч.-практ. конф. (Новосибирск, март 2014 г.). — Новосибирск: СибАК, 2014. — С. 30–36.
- 21 Rashid T.A. A Systematic Web Mining Based Approach for Forecasting Terrorism / T.A. Rashid. — 2017. — 284–295 p.
- 22 Гриневский О. Терроризм и исламский радикализм — глобальный риск номер один / О. Гриневский // Россия XXI. — 2014. — № 1. — С. 78–93.
- 23 Starr S.F. A partnership for Central Asia / S.F. Starr // Foreign Aff. — 2005. — No. 84. — P. 164.
- 24 Omelicheva M.Y. Combating terrorism in central Asia: Explaining differences in states' responses to terror / M.Y. Omelicheva // Terrorism and Political violence. — 2007. — № 3(19). — P. 369–393.
- 25 Егоров К.Ю. Международный терроризм как глобальная угроза / К.Ю. Егоров // Власть. — 2008. — № 6. — С. 73–76.
- 26 MacFarlane S.N. The United States and Regionalism in Central Asia / S.N. MacFarlane // International Affairs. — 2004. — No. 3(80). — P. 447–461.
- 27 Борьба с международным терроризмом — приоритет мирового сообщества [Электронный ресурс]. — Режим доступа: URL: <http://russian.people.com.cn/95181/6591580.html>.

А. Алипбаев, Б. Бюжеева, А. Анерова

## Проблемы борьбы с международным терроризмом и религиозным экстремизмом в Центральной Азии

Международный терроризм и религиозный экстремизм стали серьезной угрозой безопасности в Центральной Азии. В регионе наблюдается все большая исламизация населения, причем позиции традиционного ислама серьезно ослаблены. Исламизация населения сопровождается глубоким социально-экономическим кризисом, наблюдающимся практически во всех государствах Центральной Азии. В этих условиях республики региона пытаются противостоять исламизму, внедряя все новые ограничительные меры в отношении религиозных организаций (в особенности Узбекистан), привлекая гражданское общество для борьбы с экстремизмом (Казахстан), разрешая деятельность партии на религиозной основе (Таджикистан). Республики региона ведут постоянный поиск новых путей противодействия терроризму и религиозному экстремизму. Терроризм по своим масштабам, жестокости, последствиям стал одной из самых страшных проблем человечества. Государства региона активно борются с данным явлением, вырабатывают новые подходы к противодействию терроризму, подписывают различные конвенции. Но терроризм в ответ на активные меры противодействия приспосабливается, вербует новых последователей, находит новые пути финансирования. В данных условиях растет необходимость постоянного изучения и обмена опытом по противодействию терроризму и религиозному экстремизму между государствами и внедрения эффективных методов борьбы с глобальной угрозой. В статье рассмотрены причины усиления экстремизма и терроризма в Центрально-Азиатском регионе, комплекс объективных и субъективных факторов, влияние социальных процессов на появление массового экстремизма. В этом контексте изучены проблемы, связанные с принятием решений в различных региональных организациях по общей борьбе с терроризмом.

*Ключевые слова:* Центральная Азия, политика, народ, глобальная угроза, государства, международный терроризм, религиозный экстремизм.

A. Alipbayev, B. Byuzheeva, A. Anerova

## Problems of the fight against international terrorism and religious extremism in Central Asia

International terrorism and religious extremism have become a serious threat to the security of Central Asian states. The region is witnessing an increasing Islamization of the population, and the position of traditional Islam is seriously weakened. The Islamization of the population is accompanied by a deep socio-economic crisis, which is observed in almost all states of Central Asia. Under these conditions, the republics of the region are trying to resist Islamism, introducing ever new restrictive measures against religious organizations (especially Uzbekistan), involving civil society to fight extremism (Kazakhstan), and allowing the party to operate on a religious basis (Tajikistan). The republics of the region are constantly searching for new ways to counter terrorism and religious extremism. Terrorism in its scope, cruelty, consequences has become one of the worst problems of mankind. The states of the region are increasingly struggling with this phenomenon and be developing new approaches to countering terrorism, and be signing various conventions. But terrorism, in response to active countermeasures are adapting, recruiting new followers, and finding the new ways of financing. In these conditions, the need for continuous study and exchange of experience in countering terrorism and religious extremism between states and the introduction of effective methods to combat the global threat is growing. This article discusses the causes of increased extremism and terrorism in the Central Asian region, a set of objective and subjective factors, the influence of social processes on the emergence of mass extremism. In this context, the problems associated with decision-making in various regional counter-terrorism organizations are examined.

*Keywords:* Central Asia, politics, people, global threat, states, international terrorism, religious extremism.

### References

- 1 Alipbayev, A.R., & Byuzheeva, B.Z. (2017). Lankestik: aleumettik-sayasi astary [Terrorism: socio-political background] *KazUU Khabarshysy, HQ zhane HQ seriyasy — Bulletin of Kazakh National University*, 3(79), 23–30 [in Kazakh].
- 2 Horsman, S. (2005). Themes in official discourses on terrorism in Central Asia. *Third World Quarterly*, 1(26), 199–213.
- 3 Vasilyev, L.Ye. (2016). Mezhdunarodnyi terrorizm kak sposob dostizheniia politicheskikh tselei i eho osobennosti v Tsentralnoi Azii [International terrorism as a way to achieve political goals and its features in Central Asia]. *Dalnevostochnye problemy — Far Eastern issues*, 6, 24–29 [in Russian].
- 4 Antonovich, I.I., Osobekov, O.M., Pankova, L.N., & Shchegortsov, V.A. (2010). *Mezhdunarodnyi opyt profilaktiki terrorizma. Predlozheniia v sfere mezhdunarodnogo vzaimodeistviia po protivodeistviu rasprostraneniia ideologii terrorizma [International experience in the prevention of terrorism. Proposals in the field of international cooperation to counter the spread of the ideology of terrorism]*. Moscow: Universitetskaia kniha [in Russian].
- 5 Allison, R. (2004). Strategic reassertion in Russia's Central Asia policy. *International Affairs*, 2(80), 277–293.
- 6 Crosston, M. (2016). *Fostering fundamentalism: terrorism, democracy and American engagement in Central Asia*. Routledge.
- 7 Amanbayeva, A. (2009). The collision of Islam and terrorism in Central Asia. *Asian Journal of Criminology*, 2(4), 165.
- 8 Karin, Ye. (2011). Terrorizm v Kazakhstane: ot virtualnogo k realnomu [Terrorism in Kazakhstan: from virtual to real] *kursiv.kz*. Retrieved from <https://kursiv.kz/news/tendencii-i-issledovaniya/-07/terrorizm-v-kazakhstane-ot-virtualnogo-k-realnomu> [in Russian].
- 9 Heath-Kelly, C. (2010). Critical Terrorism Studies, Critical Theory and the 'Naturalistic Fallacy'. *Security Dialogue*, 3(41), 235–254.
- 10 Sean, M.P. (2019). Regulatory counter-terrorism: a critical appraisal of proactive global governance. *International Affairs*, 4(95), 939–940.
- 11 Chernykh, I. (2005). Conditions for Securitization of International Terrorism in Central Asia. *Connections*, 1(4), 131–142.
- 12 Sakhiyev, S.R. (2007). Vykhodiashchii iz Tsentralnoi Azii terrorizm i ekstremizm kak glavnyi risk bezopasnosti Kazakhstana i Rossii [Terrorism and extremism emerging from Central Asia as the main security risk of Kazakhstan and Russia]. *Politicheskaiia ekspertiza — Political expertise*, 3, 3, 79–104 [in Russian].
- 13 Ionova, Ye. (2015). Ob ugroze terrorizma v Tsentralnoi Azii [On the threat of terrorism in Central Asia]. *Rossii i novye hosudarstva Yevrazii — Russia and the new states of Eurasia*, 4, 60–71 [in Russian].
- 14 Vasil'ev, L. (2011). Osobennosti borby s terrorizmom v Tsentralnoi Azii v sovremennykh usloviakh [Features of the fight against terrorism in Central Asia in modern conditions]. *Mirovyie derzhavy v Tsentralnoi Azii — World powers in Central Asia*. Moscow [in Russian].
- 15 Mann, P. (2001). Fighting terrorism: India and central Asia, *Strategic Analysis*, 11(24), 2035–2054.

- 16 Boyko, Yu. (2008). Politiko-pravovye aspekty mezhdunarodnogo sotrudnichestva v borbe s terrorizmom v ramkakh SHOS [Political and legal aspects of international cooperation in the fight against terrorism in the framework of the SCO]. *Obozrevatel — Observer*, 8, 25–31 [in Russian].
- 17 Yegorov, Ye.N. (2015). Protivodeistvie terrorizmu i religioznomu ekstremizmu: opyt gosudarstv Tsentralnoi Azii [Countering Terrorism and Religious Extremism: Central Asian Experience] *Extended abstract of Doctor's thesis*. Retrieved from <http://cheloveknauka.com/protivodeystvie-terrorizmu-i-religioznomu-ekstremizmu-opyt-gosudarstv-tsentralnoy-azii#ixzz6EOKYjqsb> [in Russian].
- 18 Karagiannis, E. (2009). *Political Islam in Central Asia: The Challenge of Hizb ut-Tahrir*. Routledge.
- 19 Yegorov, E.N. (2014). Natsionalnyi sostav ekstremistskikh dvizhenii Tsentralnoi Azii [National composition of extremist movements in Central Asia]. *Istoricheskie, filosofskie, politicheskie i yuridicheskie nauki, kulturolohiia i iskusstvovedenie. Voprosy teorii i praktiki — Historical, philosophical, political and legal sciences, cultural studies and art history. Questions of theory and practice*, 5(43), 2, 77–81 [in Russian].
- 20 Yegorov, Ye.N. (2014). Borba s religioznym ekstremizmom v Tadzhikistane: zakonodatelnyi uroven [The fight against religious extremism in Tajikistan: legislative level]. Proceedings from Actual issues of the social sciences: sociology, political science, philosophy, history: XXXV Mezhdunarodnaia nauchno-prakticheskaia konferentsiia — XXXV International sci.-prect. conference. (Novosibirsk, March 2014). (pp. 30–36). Novosibirsk: SibAK [in Russian].
- 21 Rashid, T.A. (2017). *A Systematic Web Mining Based Approach for Forecasting Terrorism*.
- 22 Grinevskiy, O. (2014). Terrorizm i islamskii radikalizm — hlobalnyi risk nomer odin [Terrorism and Islamic Radicalism — Global Number One Risk]. *Rossia XXI — Russia XXI, 1*, 78–93 [in Russian].
- 23 Starr, S.F. (2005). A partnership for Central Asia. *Foreign Aff.*, 84, 164.
- 24 Omelicheva, M.Y. (2007). Combating terrorism in central Asia: Explaining differences in states' responses to terror. *Terrorism and Political violence*, 3(19), 369–393.
- 25 Yegorov, K.Yu. (2008). Mezhdunarodnyi terrorizm kak hlobalnaia uhroza [International terrorism as a global threat]. *Vlast — Power*, 6, 73–76 [in Russian].
- 26 MacFarlane, S.N. (2004). The United States and Regionalism in Central Asia. *International Affairs*, 3(80), 447–461.
- 27 Borba s mezhdunarodnym terrorizmom — prioritet mirovoho soobshchestva [The fight against international terrorism is a priority of the world community]. *russian.people.com.cn*. Retrieved from <http://russian.people.com.cn/95181/6591580.html> [in Russian].